

Бекітілді  
ҚР ДСМ «Республикалық психикалық  
денсаулық ғылыми-практикалық  
орталығы» ШЖҚ РМК  
бас директоры Қ.С.Алтынбековтың  
2023 жылғы 18 мамырдағы  
№ 90 бұйрығымен

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің  
«Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық  
орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық  
мемлекеттік кәсіпорнының  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулығы**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулығы (бұдан әрі – Нұсқаулық) – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленген Кәсіпорынның ішкі құжаты.

1.2. Нұсқаулық сыбайлас жемқорлық жағдайы туындаған жағдайда қызметкерлердің іс-қимыл алгоритмін айқындайды.

1.3. Нұсқаулықта келтірілген ұсынымдар белгілі бір жағдайда толық немесе шектеулі болып табылмайды.

1.4. Нұсқаулық Кәсіпорынның барлық қызметкерлері атқаратын лауазымына және атқаратын функцияларына қарамастан танысу және оны мүлтіксіз сақтау үшін міндетті болып табылады.

1.5. Нұсқаулық Кәсіпорынның веб-сайтында орналастырылуы тиіс.

1.6. Осы Нұсқаулықта қолданылатын терминдер мен анықтамалар:

1) **мүдделер қақтығысы** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

2) **сыбайлас жемқорлық** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген

адамдарға тенестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктерді алу немесе алу мақсатында өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді заңсыз пайдалануы немесе үшінші тұлғалар үшін артықшылықтар, сол сияқты осы тұлғаларға игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы пара беру;

3) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат** – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдардың қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және осы Заңға сәйкес өзге де шаралар;

4) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер** – осы Заңда белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер;

5) **сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық** – заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

6) **сыбайлас жемқорлық тәуекелі** – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың пайда болу мүмкіндігі;

7) **сыбайлас жемқорлықтың алдын алу** – алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қызметі;

8) **комплаенс-қызмет** – негізгі міндеті тиісті ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің функцияларын орындайтын Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшесі.

## 2. Негізгі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

2.1. Кәсіпорынның негізгі қызметі медициналық қызмет көрсету болып табылады, тиісінше пара алу және беру, сондай-ақ оны беру мен алудағы делдалдық ең ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері болып табылады.

ҚР заңнамасында атап көрсетілген заңсыз әрекеттерді жасағаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік белгіленген.

Бұл ретте пара алушының да, пара берушінің де жауапкершілігі көзделеді.

2.2. Пара берудің негізгі себептерінің бірі келесі факторлар болуы мүмкін:

- пациенттің не оның өкілдерінің (қамқоршыларының, жақын туыстарының) сапалы және шұғыл медициналық қызметтер көрсету бойынша барынша қолдау көрсетуге, пациентке ерекше назар аударуға деген ниеті;

- теріс жарияланымдар немесе бұқаралық ақпарат құралдарындағы трансляциялар, медицина саласындағы аз танымал әріптестердің дұрыс емес мәлімдемелері салдарынан туындаған отандық медицинаға деген жағымсыз менталдылық пен қатынас;

- бұрын пациенттер немесе олардың жақындары (таныстары) асқинуларға әкеп соқтырған медициналық қызметтердің сапасыз көрсетілуіне тап болған.

2.3. Кәсіпорынның негізгі қызметінен басқа персоналды басқару (еңбек заңнамасы), қаржы-шаруашылық қызмет, мемлекеттік сатып алу саласында да сыбайлас жемқорлық тәуекелдері болуы мүмкін.

2.4. Заңның 26-бабына сәйкес, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде жасалған мәмілелерді, шарттарды сот уәкілетті мемлекеттік органдардың, мүдделі тұлғалардың немесе прокурордың талап-арызы бойынша Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп таниды.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде актілерді қабылдау және іс-әрекеттер жасау тиісті актілердің күшін жоюға (қолданылуын тоқтатуға) уәкілеттік берілген адамдардың оларды жоюы (жарамсыз деп тануы) үшін не мүдделі тұлғалардың немесе прокурордың талап қоюы бойынша сот тәртібімен негіз болып табылады.

2.5. Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 509-бабына сәйкес сыйлықтар беруге жол берілмейді:

- кәмелетке толмағандар мен әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтардың, олардың заңды өкілдерінің атынан;

- емдеу, тәрбие мекемелерінің, әлеуметтік қорғау мекемелерінің және басқа да осыған ұқсас мекемелердің қызметкерлеріне осы азаматтардың емдеуіндегі, күтіп-бағуындағы немесе тәрбиелеуіндегі азаматтардың, жұбайлары мен туыстарының атынан.

Сондай-ақ, Заңға сәйкес мемлекеттік қызметшілерге және өзіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаған өзге де адамдарға, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне егер мұндай әрекеттер аталған адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кірсе немесе бұл тұлғалар лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ете алса, сыйлық берушінің пайдасына мемлекеттік қызметшілердің және өзіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаған өзге де адамдардың әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін сыйлықтар беруге жол берілмейді..

2.6. Кәсіпорынның барлық қызметкерлері пара алуға арандатушылықты болдырмау үшін, бірінші кезекте өзінің моральдық-еріктік қасиеттеріне сүйене отырып, лауазымдық нұсқаулықтарда көзделген өзінің функционалдық міндеттерін білуге және мүлтіксіз сақтауға, Әдеп кодексінің және Кәсіпорын қызметкерлерінің Мінез-құлық ережелерінің талаптарын мүлтіксіз сақтауға міндетті.

2.7. Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары тұрақты негізде Әдеп кодексінің және қызметкерлердің Мінез-құлық ережелерінің

белгіленген талаптарын сақтай отырып, қарамағындағыларға бақылауды жүзеге асыруға, жас қызметкерлер мен жаңадан қабылданған қызметкерлерге жан-жақты көмек көрсетуге, қарамағындағыларды құқыққа қайшы әрекеттерден сақтандыруға міндетті.

2.8. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін шектеулер мен жауапкершілікпен қатар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтан өз еркімен бас тартқан адамдарға жәрдемдесу заң жүзінде көзделген.

2.9. Жоғары тұрған басшы, мемлекеттік органның, ұйымның басшылығы, уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келіп түскен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлама бойынша шаралар қабылдауға міндетті.

### **3. Параны арандатудан және өзге де сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардан қауіпсіздік шаралары**

3.1. Өзін пара алуға арандатудан немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа итермелеу әрекетінен қорғау мақсатында Кәсіпорын қызметкері қызметтік мінез-құлықтың, лауазымдық регламенттің жалпы қағидаттарын қатаң ұстануы, сондай-ақ белгілі бір ережелерді орындауы тиіс, олардың негізгілері мыналар болып табылады:

1) қандай да бір жеке немесе қызметтік мәселелерді шешуге өтініш білдірген келушілерді басқа адамдардың қатысуымен қабылдауға тырысу;

2) келушілерге арналған орындықты жұмыс үстелінен алыс қою;

3) жұмыс үстелінен білдіртпей ықтимал пара қоюға болатын құжаттар мен басқа да заттарды алып тастау;

4) егер қызметкерге өз еркіне қарсы ақша қаражатын беруге, қандай да бір сыйлық беруге тырысқан жағдайда ашық, дауыстап, сөзбен және ым-ишарамен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға өзінің теріс көзқарасын білдіру (*пара алуға арандатушы сіздің онымен әңгімелесуіңіздің жасырын аудиожазбасын немесе бейнетүсірілімін жүргізе алатынын есте ұстаған жөн*);

5) осы Нұсқаулықтың 5-тарауының 5.1-тармағына сәйкес ақпарат беру үшін сізге ұсынылған шарттарды (*сомалардың мөлшері, тауарлардың атауы және көрсетілетін қызметтердің сипаты, пара беру мерзімдері мен тәсілдері*) мұқият тыңдау және дәл есте сақтау;

6) әңгімеде бастаманы өз мойнына алмау, көбінесе «қабылдау үшін жұмыс істеу», әлеуетті пара берушіге «сөйлеуге» мүмкіндік беру, сізге мүмкіндігінше көп ақпарат хабарлау;

7) жұмыс үстелінде, шкафта, үстел тартпасында, киім қалталарында және т.б. жерлерде сізге таныс емес қандай да бір затты (пакет, конверт, қорап, бума және т.б.) тапқан кезде, ешбір жағдайда оған қол тигізбестен, әріптестердің біреуін оның ішінде не екенін бірге көруге шақырыңыз. Егер пара деп санауға болатын нәрсе болса, дереу тікелей басшыңызға хабарлаңыз;

8) келіп түскен барлық ұсыныстар және сізге пара беру әрекеттері

туралы тікелей басшыға жазбаша түрде хабарлау;

9) егер сізде диктофон болса, пара туралы ұсынысты (жасырын) жазуға тырысыңыз;

10) қызметтік кабинеттен тыс (көшеде, қоғамдық көлікте, автомобильде, кафеде және т.б.) қандай да бір қызметтік мәселелерді талқылау үшін кездесуге ұсыныстарға келіспеніз;

11) егер материалдық құндылықтарды беру сіздің лауазымдық міндеттеріңізді орындауға байланысты болса, өз туыстарыңызға сіз білмей, басқа адамдардан қандай да бір материалдық құндылықтарды (акша, сыйлықтар және т.б.) қабылдауға қатаң тыйым салу.

#### **4. Пара ұсынудың жанама белгілері**

4.1. Пара ұсынғаны туралы куәландыратын келесі белгілерді ажыратуға болады:

1) пара берушінің әңгімесі даулы мәселе оң шешілген жағдайда ол сізге акша береді немесе қандай да бір қызмет көрсетеді деген ашық мәлімдемелері жоқ бір буынды сөйлемдерден тұрады;

2) әңгімелесу барысында пара беруші куәгерлер немесе аудио виде бейнетехника болған кезде, ым-ишарамен немесе мимикамен мәселені басқа жағдайда (басқа уақытта, басқа жерде) шешу мүмкіндіктерін талқылауға дайын екенін анық көрсетеді;

3) параның сомасы немесе сипаты айтылмайды, бірақ тиісті сандар қағаз парағына жазылуы, калькуляторда немесе компьютерде терілуі немесе әлеуетті пара алушыға өзге тәсілдермен көрсетілуі мүмкін;

4) пара беруші күтпеген жерден байланыстың жалғасын мәселені шешуге тікелей қатысы жоқ басқа адамға бағыттай алады.

#### **5. Дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпараты бар қызметкердің іс-әрекеттері, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған адамдарды көтермелеу**

5.1. Дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпараты бар адам бұл туралы жоғары тұрған басшыны және (немесе) мемлекеттік органның не қызметкері болып табылатын ұйымның басшылығын және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарды хабардар етеді.

5.2. Жоғары тұрған басшы, мемлекеттік органның, ұйымның басшылығы, уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы келіп түскен хабарламаға ден қою шараларын қолдануға міндетті.

5.3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдемдесетін адам мемлекеттің қорғауында болады және Қазақстан Республикасының Үкіметі

белгілеген тәртіппен көтермеленеді.

Осы тармақтың ережелері заңға сәйкес жауаптылыққа жататын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат хабарлаған адамдарға қолданылмайды.

5.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен беріледі. Аталған ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

5.5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1131 қаулысымен бекітілген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдемдескен адамдарды көтермелеу қағидаларында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдемдескен адамдар үшін біржолғы ақшалай сыйақы нысанында жүзеге асырылатын көтермелеулер белгіленеді.

## **6. Жауапкершілік**

6.1. Кәсіпорынның лауазымды адамдары мен қызметкерлері осы Нұсқаулықтың талаптарын мүлтіксіз сақтауға және орындауға жауапты болады.

6.2. Нормаларды сақтамау және осы Нұсқаулықтың талаптарын орындамау Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес тәртіптік жаза шараларын қолдануға әкеп соғады.

6.3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін заңмен әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік белгіленген.

## **7. Қорытынды ережелер**

7.1. Осы Нұсқаулық Кәсіпорын директорының бұйрығымен бекітілгеннен кейін күшіне енеді.

7.2. Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар Кәсіпорын директорының бұйрығымен енгізіледі.

7.3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын немесе Кәсіпорын Жарғысын өзгерту нәтижесінде осы Нұсқаулықтың жекелеген нормалары олармен қайшы келсе, осы Нұсқаулыққа тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын немесе Кәсіпорын Жарғысын басшылыққа алу қажет.

---